

«Балдәурен» бөбекжай бақшасының  
Менгерушісі



# Денсаулық күні

«Кір басқан қуыршақ»

Медбике: Ж. Асанбаева

2022-2023ж

### **Тақырыбы: Кір басқан қуыршақ**

**Мақсаты:** балаларға дұрыс жуыну ережелерін үйрету, киімдерді ретімен шешуді, киімдердің атын атай білуге үйрету. Қимыл-әрекетті білдіретін сөздерді меңгерту. Еңбекқорлыққа, тазалыққа баулу. Балаларды таза жүруге үйрету.

**Көрнекіліктер:** шомылдыруға арналған заттар: су, сабын, сүлгі.

#### **Сабақтың барысы:**

Балалармен сәлемдесіп, шаттық шеңберін жасайды. -Балалар біздің бүгінгі сабағымызға көптеген қонақтар келді,олармен сәлемдесіп алайық.

#### **« Қайырлы таң !»**

Қайырлы таң ,қолдарым, сендер ояндындар ма? (қолдарын сипалайды)

Қайырлы таң , аяқтарым, сендер ояндындар ма ( аяқтарын сипалайды)

Қайырлы таң , көздерім, сендер ояндындар ма? (көздерін сипалайды)

Қайырлы таң , күн,сен оянын ба? (қолдарың жоғары көтереді)

Қайырлы таң , достарым сендер ояндындар ма?(достарымен сәлемдеседі)

Мен ояндым! (өзін көрсетеді)

Баршанызна бір сәлем!

#### **Жыл мезгілі туралы әңгімелеу.**

- Балалар,қазір жылдың қай мезгілі? - Көктем мезгілінде қанша ай бар?

- Көктем келгенде далада қандай өзгерістер болады?

(Құстар жылы жактан ұшып келеді,күн жылынады,талдар бүршік атып,гүлдейді)

**Тазалық туралы сөйлеседі.** - Балалар, сендер таза жүргенді ұнатасындар ғой. Әр уақытта таза, ұқыпты жүретін балалардың достары нелер, білесіндер ме? - Танертең жуынасындар ма? Немен жуынасындар? -Сосын немен сүртінесіндер? -Тістерінді жуасындар ма? -Шаштарыңды тарап, айнаға қарайсындар ма? -Таза болғыларың келеді ме? -Дұрыс, таза болуымыз, тазалықты сүюіміз керек. Таза жүрсек ауырмаймыз

**Жұмбақ жасыру :**(Суретпен жұмыс).

Әр баланың алдында гигиеналық заттардың суреттері қойылады. Сабын, су, сүлгі, айна, тарақ.



- Балалар, мен қазір сендерге жұмбақ жасырамын. Жұмбақтың жауабы сендердің алдындағы суреттерде бар. Сол суретке карап жұмбақтың жауабын табасындар. Дұрыс табылған суретті тақтаға ілеміз.

### **Жұмбақ:**

- Дымқылдап күнде сен Қолыңа сүйкесен, Кетіп кір ласың Тап-таза боласың. Бұл не? (сабын) -Шомылған баланы Аймалап алады, Сүртеді қолын да, Сүртеді жонын да. Бұл не? (сүлгі)

Аузы жоқ, көзі жоқ, Тілі жоқ, сөзі жоқ, Бірақ тісі бар – Шашыңмен ісі бар. Ол не? (тарак)

-Иілсең иіліп, түйілсең түйіліп, Қарайды кісіге, ұқыпты ісіне. Бұл не? (айна) **Ойын: «Сықырлы қапшық»**

(Қапшықтың ішінде гигиена заттарымен бірге әр түрлі ойыншықтар, жемістер, көкністер т.б. заттар бар).

-Балалар, осы қапшықтың ішінде қайсы тазалық зат екенін көрсетіп, оның атын дұрыс атап өту керек.

Қолыңда сықырлы қапшық, балаларды қызықтырады. Тазалық заттары: сабын, сүлгі, тарак, айна бар екен деп олардың аттарын, түсін, құрылысын, не үшін керек екенін сипаттауды тапсырады. Сабынмен жуынамыз, таракпен шашымызды тараймыз, сүлгімен сүртінеміз т.б қимылымен түсіндіреді.

Ойын ойнап болған соң ән шырқалады.

**Ән: «Кір қуыршақ»**

Осы кезде жылап қуыршақ кіреді.


Балалар, бізге қуыршақ Айгүл қонаққа келді. (Қуыршақ Айгүлдің үстінің кір болып кеткенін айтып, менен өзін шомылдыруды өтінеді). -Қане, балалар, Айгүлді бірге шомылдырайық.

Киімін шешіп, таза суға шомылдырайық. Алдымен бас киімін, сонан соң аяқ киімін шешейік. Киім шешу ретін көрсетеді. Шешіп отырып, киімдерінің аттарын айтып отырады: баскиім, аяқкиім, көйлек. Шешіп болған соң шомылдырады. Ыдысқа су құйып, сабынмен денесін сабындап, одан соң таза сумен жуындырамыз, болған соң сүлгімен сүртіп, денесін құрғатып, таза киімдерін кигіземіз. Киіндірерде - киіну ретін көрсетеді.

(Балаларға қуыршақ, сумен ыдыс, сүлгі, сабын, тарак беріледі)

**Сергіту сәті : «Кір жуу» биі. ( Орындайтын балалар).**

Сергіту сәтінен кейін бөлмеге қуыршақ Айгүл кіреді.



Куыршак Айгүл:

- Балалар, сендерге бәріне рахмет – деп алғысын айтады.

- Сендерге мен сыйлық әкелдім – деп сыйлықтарын балаларға таратады.

Сұрақ-жауап әдісі арқылы оқу іс-әрекетін қорытындылайды.